

**№22 «Балдырған» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК 2024 жылдың 21-
шы мамыр өткізілген қамқоршылық кеңес жиналысының
№ 3 Хаттамасы**

мамыр 2024ж.

Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде:

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 24.08.2023ж №221 қаулысына сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдардағы жекеленген санаттағы тәрбиеленушілерге тегін тамақтандыруды ұйымдастыруға байланысты 2023- 2024 жылы әлеуметтік көмек алушыларға байланысты қортынды.
2. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарының қортындысы.
3. Балабақша ауласына ата-аналар комитетімен бірлесе отырып абаттандыру жұмыстарын жүргізу туралы жоспарлау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша №22 «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы қамқоршылық кеңес төрағасы Б.У. Дусипов сөз алды. Ақтөбе облысы әкімдігінің 24.08.2023ж №221 қаулысына сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдардағы жекеленген санаттағы тәрбиеленушілерге тегін тамақтандыруды ұйымдастыруға байланысты ата-аналардың 2023-2024 жылы атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға арналған санат бойынша әлеуметтік көмек анықтамасы Н.Т. Бурин балалары Е.Е.Бурин (2020ж), Е.Е.Бурин (2020ж), А.А.Наушина балалары Н.Г.Наушина (2020ж), Ж.Г.Наушина (2018ж) тапсырды. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жекеленген санаттағы тәрбиеленушілерге тамақтандыруды ұйымдастырудың атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға арналған санатына сәйкес тегін тамақтандырылды. Балабақша бойынша 4 тәрбиеленушіге тегін тамақтану жүргізілді.


Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілген жұмыстардың қортындысы талқыланды. Балабақшаға бюджеттен тыс қаржылай көмек көздері көрсетілмегендігі жөнінде айтылды. Алдағы оқу жылында бюджеттен тыс қаржылай көмек көздерін іздестіру қажет екендігін ұсынылды. 2023-2024 оқу жылы Ас мәзірі, тамақтануды ұйымдастыру сапасына бақылау жасаудың нәтижелері жақсы деп танылды. Балалардың тамақтануы уақытылы ұйымдастырылған. Тәрбиеленушілердің өмір қауіпсіздігін сақтауға жағдай жасалған. Балабақша бейне бақылау барлық топтарда орналасқан, балабақша бойынша барлығы: 34 бейне бақылау. Ішкі - 24, сыртқы -10 бейне бақылаумен қамтылған. Балалардың дамуына заттық дамушы орта жас ерекшелігіне сәйкес жабдықталған.


Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша балабақша ауласына ата-аналар комитетімен бірлесе отырып абаттандыру жұмыстарын жүргізу туралы жоспарлау. Балабақша қамқоршылық кеңес төрағасы Б.У. Дусипов мамыр айында әр топ ата-аналар комитеті топ ата-аналарын жұмылдыра отырып балабақша ауласын абаттандыруға атсалысуға шақырды. Балабақша

аумағын, балалар ойын алаңын тазалау бояуларын жаңарту, гүлдер отырғызуға жұмыстарын жүгізуді жоспарлауды ұсынды.

Күн тәртібіндегі мәселені тындай келе жиналыс қаулы етеді:

1. Әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға арналған санат бойынша тегін тамақтандыру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Алдағы оқу жылында бюджеттен тыс қаржылай көмек көздерін іздестіру.
3. Балабақша ауласына ата-аналар комитетімен бірлесе отырып абаттандыру жұмыстарын жүргізу

Төрағасы:  Б.У. Дусипов

Хатшы:  А.К. Газизова